ВЛИЯНИЕ СЕМЯН ЧИА (*SALVIA HISPANICA* L.) НА ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИЕ И МИНЕРАЛЬНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ОБЕЗЖИРЕННОГО ТВОРОГА

Асембаева Эльмира — PhD, Алматинский технологический университет, кафедра «Прикладная биотехнология», Алматы, Казахстан,

E-mail: asembayevae@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7964-7736>;

Бейсехан Айзат — магистрант 2 курса, Алматинский технологический университет, кафедра «Прикладная биотехнология», Алматы, Казахстан,

E-mail: aizatbeisekhan05@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0009-8479-6256>;

Божбанов Алихан — кандидат биологических наук, Алматинский технологический университет, кафедра «Прикладная биотехнология», Алматы, Казахстан,

E-mail: bozhbanov2011@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2139-4523>;

Нурмуханбетова Динара — кандидат технических наук, Университет Нархоз, ОП «Ресторанный и отельный бизнес», Алматы, Казахстан,

E-mail: dinara.nurmukhanbetova@narhoz.kz, <https://orcid.org/0000-0002-8939-6325>;

Габдуллина Эльзада — доктор биологических наук, Алматинский технологический университет, «Прикладная биотехнология», Алматы, Казахстан,

E-mail: elzadag@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8255-1070>.

Аннотация. Целью данной работы является исследование влияния семян чиа (*Salvia hispanica* L.) на физико-химические и минеральные показатели обезжиренного творога. Объектом исследования служили образцы обезжиренного творога, полученные традиционным способом, а также образцы, обогащённые 2% семян чиа. Полученные результаты показали, что добавление семян чиа положительно влияет на структурно-функциональные характеристики творога. В частности, увеличение содержания влаги с 71,5% до 72,8% объясняется водосвязывающей способностью гидрофильных полисахаридов, содержащихся в семенах чиа, что способствует повышению водоудерживающей способности продукта и улучшению стабильности его консистенции. Незначительное увеличение содержания белка с 15,6% до 15,8% указывает на вклад семян чиа как дополнительного источника растительного белка, при этом содержание жира практически не изменилось и осталось на уровне, характерном для обезжиренного продукта. Анализ минерального состава показал увеличение содержания кальция со 116,9 до 128,98 мг/100 г и фосфора - со 184,6 до 201,80 мг/100 г. Эти изменения свидетельствуют о повышении биологической ценности продукта и сохранении благоприятного соотношения Са:Р, важного для метаболизма костной ткани. Кроме того, выявлено присутствие пищевых волокон (1,24%), отсутствующих в контрольном образце, что усиливает функциональную направленность продукта. Значительных изменений кислотности не наблюдалось: титруемая кислотность незначительно снизилась со 178,9°Т до 177,8°Т, а значение рН уменьшилось с 4,62 до 4,58. Данные изменения являются технологически несущественными и свидетельствуют о сохранении показателей в пределах, характерных для ферментированных молочных продуктов. В целом результаты исследования показывают, что добавление семян чиа в обезжиренный творог позволяет сохранить его основные технологические параметры при одновременном повышении питательной, минеральной и функциональной ценности продукта.

Ключевые слова: обезжиренный творог, семена чиа, физико-химические параметры, минеральный состав, кальций, фосфор, функциональные пищевые продукты

Кіріспе. Соңғы онжылдықта тек негізгі тамақтануды қамтамасыз етіп қана қоймай, денсаулықты қолдайтын және созылмалы аурулардың алдын алатын биологиялық белсенді заттармен байытылған функционалды тағамдарды әзірлеуге деген қызығушылық тұрақты түрде артып келеді. Мұндай өнімдерге полифенолдар, каротиноидтар, омега-3 май қышқылдары, пробиотиктер, пребиотиктер және ағзадағы антиоксидантты, қабынуға қарсы және метаболикалық процестерге әсер ететін басқа да биологиялық белсенді компоненттер кіруі мүмкін (Arshad et al., 2025; Zhang et al., 2025; Hajzer et al., 2025; Қайратұлы және т.б., 2025).

Сүзбе құрамында сүттің барлық маңызды қоректік заттары бар және ол емдік және тағамдық қасиеттер беретін кальцийге бай толыққұнды ақуыздың бай көзі болып табылады (Shutova et al., 2025).

Майсыз сүзбе жоғары сапалы, майсыз ақуыз көзі ретінде салауатты тамақтануда кеңінен қолданылады. Дегенмен, оның тағамдық және биологиялық құндылығын функционалды өсімдік компоненттерін қосу арқылы айтарлықтай арттыруға болады (Sukhikh et al., 2019). Осындай перспективалы ингредиенттердің бірі – тағамдық және функционалдық қасиеттері бар chia дәндері (*Salvia hispanica L.*). Chia (*Salvia hispanica L.*) – біржылдық шөптесін *Salvia hispanica L* өсімдігінен алынған кішкентай тұқым (Knez Knez Hrnčič et al., 2019).

Chia дәндері (*Salvia hispanica L.*) α -линолен қышқылының (ω -3), тағамдық талшықтардың және фенолдық қосылыстардың жоғары құрамына байланысты перспективалы функционалды тағам болып табылады. Хлорогендік және кофеин қышқылдарының, сондай-ақ флавоноидтардың (кверцетин, кемпферол және мирицетин) болуы олардың айқын антиоксиданттық қасиеттеріне ықпал етеді. Олардың бай биохимиялық құрамы қант диабеті, дислипидемия және гипертонияны қоса алғанда, метаболикалық бұзылулардың алдын алу әлеуетінің негізін құрайды. Осылайша, chia дәндері функционалды тағамдар мен нутрицевтиктерді әзірлеу үшін перспективалы шикізат ретінде қызығушылық тудырады (Ullah et al., 2016, Nyingi Wambua et al., 2021).

Chia дәндері тағамдық талшықтарға, жартылайқанықпаған май қышқылдарына, әсіресе α -линолен қышқылына (ω -3), алмастырылмайтын аминқышқылдары бар толыққұнды ақуызға, сондай-ақ фосфор, кальций, магний, темір, мырыш және калий сияқты минералдарға, дәрумендерге (А, В, К, Е, D) және антиоксиданттарға бай (Kulczyński et al., 2019; Knez Hrnčič et al., 2019). Сонымен қатар, chia дәндері айқын антиоксиданттық қасиеттер беретін кверцетин, рутин және галл қышқылы сияқты биофлавоноидтардың көзі болып табылады (Kulczyński et al., 2019).

Namouda және т.б. авторлар өз зерттеулерінде йогурт пен сүзбе сияқты сүт өнімдеріне chia дәнін қосу құрылымды жақсартатынын, сақтау мерзімін ұзартатынын және тағамдық талшықтың құрамы мен антиоксиданттық белсенділікті арттыратынын көрсетті (Namouda et al., 2025). Chia дәндерін пісірілген тағамдарда, глютенсіз өнімдерде және сүт өнімдерінде қолдану бойынша зерттеулерге қарамастан (Miranda-Ramos et al., 2020; Ahmed et al., 2020; Guiotto et al., 2020; Namouda et al., 2025), оларды майсыздандырылған сүзбеде

оның тағамдық және функционалдық құндылығын арттыру үшін қолдану әлі толық зерттелмеген. Сондықтан, chia дәндерінің майсыздандырылған сүзбенің химиялық құрамына, органолептикалық қасиеттеріне, антиоксиданттық белсенділігіне және құрылымдық сипаттамаларына әсерін бағалау маңызды. Зерттеудің мақсаты chia дәндерінің майсыздандырылған сүзбенің физика-химиялық көрсеткіштеріне және минералдық құрамына әсерін зерттеу болды.

Әдеби шолу. Соңғы жылдары функционалдық тағам өнімдерін өндіруде өсімдік тектес шикізатты қолдану кеңінен дамып келеді. Осындай ингредиенттердің бірі – *Salvia hispanica L.* (chia дәндері). Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, chia дәндері жоғары тағамдық және биологиялық құндылыққа ие, сондықтан оларды сүт өнімдерін, соның ішінде майсыздандырылған сүзбені байыту үшін қолдану өзекті болып табылады. Chia дәндерінің химиялық құрамы жоғары деңгейде теңгерілген. *Salvia hispanica* дәндерінің құрамында ақуыз мөлшері 15–25%, майлар 30–33%, ал тағамдық талшықтар 30%-дан жоғары екендігі анықталған. Сонымен қатар, олардың құрамында α -линолен қышқылы сияқты омега-3 май қышқылдары басым келеді (Capitani et al., 2012; Ullah et al., 2016).

Chia дәндерінің ерекше қасиеттерінің бірі – олардың жоғары мөлшерде минералдық заттарды қамтуы. Зерттеулерге сәйкес, олардың құрамында кальций (560–800 мг/100 г), магний (300–400 мг/100 г), фосфор және темір сияқты элементтер едәуір мөлшерде кездеседі. Бұл көрсеткіштер көптеген дәстүрлі дәнді дақылдармен салыстырғанда жоғары (Ullah et al., 2016). Осыған байланысты chia тұқымдарын сүт өнімдеріне қосу олардың минералдық құндылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Chia дәндерінің маңызды технологиялық қасиеттерінің бірі – олардың құрамындағы жоғары молекулалы полисахаридтердің болуына байланысты суды қарқынды сіңіріп, гель тәрізді құрылым түзу қабілеті болып табылады. Гидратация кезінде *Salvia hispanica* дәндері муцилагель түзіп, жоғары су байланыстыру және тұтқырлық қасиеттерін көрсетеді, бұл олардың тағам өнімдерінде табиғи қоюландырғыштар, тұрақтандырғыштар, эмульгаторлар және гель түзуші агенттер ретінде қолданылуына мүмкіндік береді (Brütsch et al., 2019; Muñoz et al., 2013). Сонымен қатар, chia дәндерінің реологиялық қасиеттері оның әлсіз гель типіне жататынын көрсетеді, бұл өнімнің құрылымын тұрақтандырып, оның біртектілігін арттыруға ықпал етеді. Зерттеулерге сәйкес, chia негізіндегі гидроколлоидтар тағам жүйелерінде синерезис құбылысын төмендетіп, ылғал ұстау қабілетін арттырады, нәтижесінде өнімнің текстурасы жақсарып, сақтау тұрақтылығы жоғарылайды (Goh et al., 2016).

Майсыздандырылған сүзбе – жоғары ақуызды, бірақ май мөлшері төмен өнім. Оның негізгі кемшіліктеріне құрғақ консистенция, төмен пластикалығы және сарысудың бөлінуіне бейімділігі жатады. Осы тұрғыдан алғанда, chia дәндерін қосу өнімнің құрылымдық-механикалық қасиеттерін жақсартудың тиімді тәсілі болып табылады. Chia құрамындағы ерігіш талшықтар мен гель түзуші заттар сүзбенің ылғал ұстау қабілетін арттырып, оның нәзік және біртекті консистенциясын қамтамасыз етеді.

Зерттеу нысаны мен әдістері. Зерттеуге майсыздандырылған сүт, Chr. Hansen (Дания) компаниясының коммерциялық ұйытқысы, чиа дәндері (*Salvia hispanica L.*) және стевия ұнтағы алынды. Майсыздандырылған сүт $80 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада 30 секунд пастерленеді, содан кейін ферментация процесі үшін оңтайлы температура болып табылатын $28 \pm 2^\circ\text{C}$ дейін салқындатылады.

Дайындалған сүтке коммерциялық ұйытқының 1%-ы қосылады. Ферментация $80-90^\circ\text{T}$ титрленетін қышқылдыққа жеткенше және сүзбе ұйындысы пайда болғанша $30 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада 6-8 сағат бойы жүргізіледі. Алынған сүзбе ұйындысынан сарысу бөлінеді. Дайын сүзбе массасына 0,2-0,6% стевия ұнтағы және 2% чиа дәндері қосылады. Алынған қоспа біркелкі консистенцияға жеткенше 5-10 минут бойы мұқият араластырылды, содан кейін дайын сүзбе өнімі (4 ± 2) $^\circ\text{C}$ температураға дейін салқындатылды. Чиа дәндері дистилденген суда (1:10 қатынасы, 25°C) 10 минут бойы алдын ала жібітілгеннен кейін қосылды, бұл олардың ісінуін қамтамасыз етті және өнімнің сусыздануына жол бермеді.

Дайын сүзбе үлгілерінің физика-химиялық құрамы жалпы қабылданған стандартты әдістерді қолдану арқылы кешенді түрде анықталды. Әрбір көрсеткіш тиісті нормативтік құжаттарға сәйкес бірнеше рет қайталанып, нәтижелердің нақтылығы қамтамасыз етілді. Ылғалдылық мөлшері үлгілерді 105°C температурада тұрақты массаға дейін кептіру арқылы анықталды (МЕМСТ 3626-73). Бұл әдіс өнім құрамындағы еркін және байланысқан ылғалдың жалпы мөлшерін дәл бағалауға мүмкіндік береді. Жалпы ақуыз мөлшері Кьельдал әдісі бойынша (МЕМСТ 23327-98) анықталды, яғни үлгі құрамындағы органикалық азот күкірт қышқылымен минералдандырылып, түзілген аммиак титрлеу арқылы есептелді, нәтижесінде ақуыздың жалпы мөлшері анықталды.

Май мөлшері қышқыл экстракциясынан және центрифугалау арқылы бөлініп, Гербер әдісімен (МЕМСТ 5867-90) анықталды, бұл әдіс сүт өнімдеріндегі май фракциясын жедел және жеткілікті дәлдікпен бағалауға мүмкіндік береді. Тағамдық талшықтардың мөлшері стандартты ферментативті-гравиметриялық әдіс бойынша (МЕМСТ 34844-2022) анықталып, ферменттік өңдеу нәтижесінде қорытылмайтын қалдық массасы өлшенді. Күл мөлшері үлгілерді муфель пешінде 550°C температурада тұрақты массаға дейін жағу арқылы анықталды (МЕМСТ 3626-73), бұл өнімдегі минералды заттардың жалпы мөлшерін сипаттайды. Су тектік көрсеткіш (pH) алдын ала калибрленген pH-метр көмегімен өлшенді (МЕМСТ 26781-85), ал титрленетін қышқылдық ($^\circ\text{T}$) сілті ерітіндісімен титрлеу арқылы анықталды (МЕМСТ 3624-92), бұл көрсеткіштер өнімнің қышқылдық деңгейін және ферментация дәрежесін сипаттайды.


Минералдық құрамды бағалау үшін кальций мөлшері комплексонометриялық титрлеу әдісімен, ал фосфор мөлшері молибдатометриялық әдіспен анықталды, бұл әдістер минералды элементтердің сандық құрамын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Барлық талдаулар 3–5 рет қайталанып, алынған нәтижелердің орташа арифметикалық мәндері есептелді.

Зерттеу нәтижелері. Сүзбе – құрамында онай сіңетін ақуыздар, минералдар және басқа да биологиялық белсенді компоненттер бар жоғары тағамдық

құндылығы бар дәстүрлі ашытылған сүт өнімі. Бұл өнімдердің физика-химиялық қасиеттері – ылғал, ақуыз, май, күл мөлшері, белсенді және титрленетін қышқылдық (рН және °Т) – өнім сапасы мен сақтау және тұтыну кезіндегі тұрақтылығының маңызды көрсеткіштері болып табылады.

Майсыздандырылған ірімшіктің физика-химиялық көрсеткіштері оның тағамдық құндылығын, құрылымдық қасиеттерін және технологиялық тұрақтылығын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер болып табылады.

Зерттеу барысында бақылау үлгісі мен chia дәндерімен байытылған үлгілердегі қышқылдық параметрлер (рН және титрленетін қышқылдық) анықталды. Нәтижелер 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Сүзбе үлгілерінің рН мәні мен титрлеу қышқылдығы, °Т

Алынған зерттеу нәтижелері майсыздандырылған сүзбеге chia дәнін қосу қышқылдық көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етпейтінін, яғни технологиялық процестің тұрақтылығы сақталатынын көрсетті. Бақылау үлгісінде титрлеу қышқылдығы 178,9 °Т болса, chia дәні қосылған үлгіде ол 177,8 °Т-ға дейін төмендеді. Абсолюттік айырмашылық 1,1 °Т құрады. Бұл айырмашылық тәжірибелік қателік шегіне жақын және технологиялық тұрғыдан елеулі өзгеріс ретінде қарастырылмайды, яғни ферментация процесінің қарқындылығы мен сүтқышқылды микрофлораның белсенділігіне chia дәндерінің айқын тежеуші әсері байқалмаған.


рН мәнінің 4,62-ден 4,58-ге дейін төмендеуі (айырмашылық: 0,04 бірлік) өнімнің сәл қышқылданғанын көрсеткенімен, бұл өзгеріс те ашытылған сүт өнімдеріне тән қалыпты диапазоннан шықпайды. Мұндай өзгерісті chia дәндерінің құрамындағы гидрофильді полисахаридтердің су фазасын құрылымдауы, соның нәтижесінде қышқыл компоненттердің біркелкі таралуы және протондардың локальды концентрациясының өзгеруімен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, chia дәндері ферментация процесіне тікелей қатыспағанымен, орта тұтқырлығын арттыру арқылы сүтқышқылды бактериялардың метаболизм өнімдерінің

диффузиясына жанама әсер етуі мүмкін.

Қышқылдықтың тұрақты деңгейде сақталуы микробиологиялық қауіпсіздік тұрғысынан маңызды, себебі рН мәні шамасының 4,5–4,6 аралығында болуы патогенді және шартты-патогенді микроорганизмдердің дамуын тежейді. Бұл өз кезегінде өнімнің сақтау тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, титрлеу қышқылдығы мен рН мәні көрсеткіштерінің үйлесімді өзгеруі буферлік жүйелердің (ақуыздар мен минералды тұздардың) тұрақты жұмыс істейтінін көрсетеді.

Осылайша, жүргізілген талдау чиа дәндерін қосу сүзбенің қышқылдық тепеңдігін бұзбайтынын, ферментация процесінің қалыпты жүруін қамтамасыз ететінін және өнімнің микробиологиялық қауіпсіздігі мен технологиялық тұрақтылығын сақтай отырып, оның функционалдық қасиеттерін арттыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Сүзбе үлгілерінің биохимиялық құрамын анықтау мақсатында химиялық құрамына талдау жүргізілді, алынған нәтижелер 2-суретте келтірілген.



Сурет 2 – Сүзбе үлгілерінің биохимиялық құрамы, %

Талқылау. Талдау нәтижелері майсыздандырылған сүзбеге чиа дәнін қосу оның физика-химиялық құрамына кешенді оң әсер ететінін көрсетті. Ылғалдың массалық үлесінің 71,5 %-дан 72,8 %-ға дейін артуы (1,3 %) чиа дәндеріндегі гидрофильді тағамдық талшықтардың, әсіресе ерігіш полисахаридтердің су байланыстыру қабілетімен түсіндіріледі. Бұл құбылыс өнімнің су ұстау қабілетін күшейтіп, синерезис (сарысудың бөлінуі) деңгейін төмендетуге және консистенцияның тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді. Нәтижесінде сүзбенің құрылымы тығыз әрі біртекті бола түседі.


Ақуыздың массалық үлесінің 15,6 %-дан 15,8 %-ға дейін артуы (0,2 %)

айтарлықтай үлкен өзгеріс болмаса да, чиа дәндерінің қосымша өсімдік ақуызы көзі ретінде өнімнің аминқышқылдық құрамын толықтыруға қатысатынын көрсетеді. Бұл, әсіресе, функционалдық тағам тұрғысынан маңызды, себебі өсімдік және сүт ақуыздарының комбинациясы биологиялық құндылықты арттыруы мүмкін. Май мөлшерінің 0,70-тен 0,73 %-ға дейін өзгеруі (0,03 %) өте аз және технологиялық тұрғыдан елеулі емес, яғни өнімнің майсыздандырылған сипаты сақталған.

Күл мөлшерінің 0,72 %-дан 0,80 %-ға дейін жоғарылауы (0,08 %) чиа дәндерінің минералдық құрамының жоғары болуымен байланысты. Бұл көрсеткіш өнімдегі жалпы минералды заттардың (әсіресе кальций, магний, фосфор) концентрациясының артқанын жанама түрде дәлелдейді. Сонымен қатар, тағамдық талшықтардың 1,24 % мөлшерінде пайда болуы өнімнің функционалдық бағытын айқындайды, себебі мұндай талшықтар ас қорыту жүйесіне оң әсер етіп, пребиотикалық қасиет көрсетуі мүмкін.

Аталған өзгерістердің барлығы өзара байланысты: тағамдық талшықтардың су байланыстыру қабілеті ылғалдылықты арттырса, минералдық құрамның жоғарылауы күл мөлшерінің өсуіне әкеледі, ал ақуыздың аздап артуы өнімнің тағамдық құндылығын толықтырады. Бұл ретте негізгі технологиялық параметрлердің (май мөлшері, құрылым тұрақтылығы) сақталуы өнімнің өндірістік тұрғыдан жарамдылығын көрсетеді.

Осылайша, алынған нәтижелер чиа дәндерін майсыздандырылған сүзбеге қосу өнімнің тағамдық және функционалдық құндылығын арттыра отырып, оның негізгі технологиялық сипаттамаларын сақтайтынын көрсетеді. Зерттеу барысында чиа дәндерінің сүзбе құрамындағы минералды заттарға әсеріне талдау жүргізілді, алынған нәтижелер төмендегі 3-суретте келтірілген.



Сурет 3 – Сүзбе үлгілері құрамындағы кальций мен фосфор мөлшері, мг/100г

Алынған талдау нәтижелері майсыздандырылған сүзбені 2% чиа дәнімен байыту оның минералдық құрамына айқын оң әсер ететінін көрсетті. Кальций мөлшері 116,9-дан 128,98 мг/100 г-ға дейін артты, яғни абсолюттік өсім 12,08 мг/100 г ($128,98 - 116,9 = 12,08$), бұл шамамен 10,3% салыстырмалы өсімді құрайды. Фосфор мөлшері 184,6-дан 201,80 мг/100 г-ға дейін жоғарылап, абсолюттік өсім 17,2 мг/100 г, яғни шамамен 9,3% артқан. Бұл көрсеткіштер чиа дәндерінің минералдық элементтерге бай екендігін және олардың сүт өнімдеріне қосу тиімді екенін дәлелдейді. Кальций мен фосфордың бір мезгілде артуы олардың өзара қатынасының (Са:Р) сақталуына мүмкіндік береді. Бақылау үлгісінде бұл қатынас шамамен 0,63-ке тең, ал чиа дәндері қосылған үлгіде 0,64 шамасында болады. Бұл мәндердің бір-біріне жақын болуы минералдардың тепе-теңдігінің бұзылмағанын көрсетеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, Са:Р қатынасының тұрақтылығы кальцийдің тиімді сіңірілуі үшін маңызды фактор болып табылады, себебі фосфордың шамадан тыс немесе жеткіліксіз болуы кальцийдің биожетімділігіне кері әсер етуі мүмкін.

Минералдық құрамның жоғарылауы тек сандық өзгеріс қана емес, сонымен қатар өнімнің функционалдық маңызын арттыратын сапалық көрсеткіш болып табылады. Чиа дәндеріндегі кальций көбінесе органикалық байланысқан формада болады, бұл оның асқорыту жүйесінде жақсы еріп, сіңірілуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, чиа дәндері құрамындағы тағамдық талшықтар мен фитохимиялық қосылыстар минералдардың ішек арқылы тасымалдануына жанама түрде әсер етуі мүмкін. Сүзбе – табиғи түрде кальцийге бай өнім, ал оны өсімдік текті минерал көздерімен толықтыру синергетикалық әсер береді. Бұл әсіресе остеопороздың алдын алу, сүйек тінінің минералдануын қолдау және жалпы минералдық алмасуды жақсарту тұрғысынан маңызды. Сонымен қатар, минералдық құрамның артуы өнімнің тағамдық құндылығын жоғарылатып қана қоймай, оны функционалды тағамдар санатына жатқызуға негіз болады.

Осылайша, жүргізілген талдау чиа дәндерін майсыздандырылған сүзбеге қосу кальций мен фосфор мөлшерін арттыру арқылы өнімнің минералдық құндылығын едәуір жақсартатынын, Са:Р қатынасының физиологиялық қолайлы деңгейін сақтайтынын және оны сүйек тінінің метаболизмі үшін маңызды функционалды тағам өнімі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретінін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Қорытынды. Қорытындылай келе жүргізілген зерттеу нәтижелері майсыздандырылған сүзбені (*curd product*) чиа дәндерімен (*Salvia hispanica L.*) байыту оның сапалық көрсеткіштеріне кешенді оң әсер ететінін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Тәжірибелік деректерді талдау барысында өнімнің негізгі физика-химиялық, биохимиялық және минералдық көрсеткіштерінің өзгеру заңдылықтары анықталды.

Анықталғандай, чиа дәндерін 2% мөлшерде енгізу сүзбенің ылғалдылық деңгейін 71,5%-дан 72,8%-ға дейін арттырды. Бұл өзгеріс чиа құрамындағы гидрофильді полисахаридтердің жоғары су байланыстыру қабілетімен түсіндіріледі, нәтижесінде өнімнің консистенциясы жақсарып, құрылымдық

тұрақтылығы артады. Ақуыз мөлшерінің 15,6%-дан 15,8%-ға дейін шамалы өсуі чиа дәндерінің қосымша өсімдік тектес ақуыз көзі екенін көрсетеді. Май мөлшерінің 0,70–0,73% аралығында сақталуы өнімнің майсыздандырылған сипатының өзгермегенін дәлелдейді.

Минералдық құрамға жүргізілген талдау нәтижелері кальций мөлшерінің 116,9-дан 128,98 мг/100 г-ға дейін, ал фосфордың 184,6-дан 201,80 мг/100 г-ға дейін артқанын көрсетті. Бұл көрсеткіштер өнімнің биологиялық құндылығының жоғарылағанын және кальций мен фосфордың өзара қолайлы қатынасының сақталғанын айғақтайды. Сонымен қатар, тағамдық талшықтардың (1,24%) пайда болуы зерттелген өнімнің функционалдық тағам ретіндегі маңыздылығын арттырады.

Қышқылдық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау барысында титрленетін қышқылдықтың 178,9°Т-дан 177,8°Т-ға дейін аздап төмендегені және рН мәнінің 4,62-ден 4,58-ге дейін өзгергені анықталды. Бұл айырмашылықтардың шамасы технологиялық тұрғыдан елеусіз және өнімнің ашытылған сүт өнімдеріне тән қышқылдық диапазонында сақталғанын көрсетеді. Демек, чиа дәндерін енгізу ферментация процесіне және өнімнің микробиологиялық тұрақтылығына теріс әсер етпейді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер чиа дәндерін майсыздандырылған сүзбеге қосу өнімнің тағамдық және функционалдық құндылығын арттыра отырып, оның негізгі технологиялық және сапалық көрсеткіштерін сақтайтынын дәлелдейді. Осыған байланысты, чиа дәндері майсыздандырылған сүзбе негізінде функционалды тағам өнімдерін әзірлеуде тиімді және перспективалы ингредиент ретінде ұсынылады.

References

- Ahmed I.B.H., Hannachi A., & Haros C.M. (2020) Combined effect of chia flour and soy lecithin incorporation on nutritional and technological quality of fresh bread and during staling. *Foods*, 9(4):446. DOI: 10.3390/foods9040446 (in Eng.)
- Arshad Z., Shahid S., Hasnain A., Yaseen E., & Rahimi M. (2025) Functional foods enriched with bioactive compounds: therapeutic potential and technological innovations. *Food Science & Nutrition*, 13(10):e71024. DOI: 10.1002/fsn3.71024 (in Eng.)
- Brütsch L., Stringer F.J., Kuster S., Windhab E.J. and Fischer P. (2019) Chia Seed Mucilage—A Vegan Thickener: Isolation, Tailoring Viscoelasticity and Rehydration. *Food & Function*, 10. — P. 4854-4860. DOI: 10.1039/c8fo00173a (in Eng.)
- Capitani M.I., Spotorno V., Nolasco S.M., & Tomás M.C. (2012) Physicochemical and functional characterization of by-products from chia (*Salvia hispanica* L.) seeds of Argentina. *LWT-Food Science and Technology*, 45(1). — P. 94-102. DOI: 10.1016/j.lwt.2011.07.012 (in Eng.)
- Goh K.K.T., Matia-Merino L., Chiang J.H., Quek R., Soh S.J.B., & Lentle R.G. (2016) The physicochemical properties of chia seed polysaccharide and its microgel dispersion rheology. *Carbohydrate polymers*, 149. — P. 297-307. DOI: 10.1016/j.carbpol.2016.04.126 (in Eng.)
- Guiotto E.N., Tomás M.C., & Haros C.M. (2020) Development of highly nutritional breads with by-products of chia (*Salvia hispanica* L.) seeds. *Foods*, 9(6):819. DOI: 10.3390/foods9060819 (in Eng.)
- Hamouda M.E., Kalita R., Ali A.K., Chaudhary P., Don P.U., Abdelsater O. A., ... & Elderwry Y. (2025) Chia Seed Gel Powder as a Clean-Label Enhancer of Texture, Physicochemical Quality, Antioxidant Activity, and Prebiotic Function in Probiotic Low-Fat Yogurt. *Processes*, 14(1):1. DOI: 10.3390/pr14010145 (in Eng.)

Hajzer Z.E., Alibrahem W., Kharrat Helu N., Oláh C., & Prokisch J. (2025) Functional foods in clinical trials and future research directions. *Foods*, 14(15):2675. DOI: 10.3390/foods14152675 (in Eng.)

Kajratuly E., Asembaeva E.K., Bozhbanov A.Zh., Nurmuhambetova D.E., Gabdullina E. Zh. (2025) Қырамдастырылған сүтқышқылды онімдердің физика-химиялық көрсеткіштерін баралау [Evaluation of physicochemical indicators of combined fermented milk products]. *Academic Scientific Journal of Chemistry*, 3 (464):102-114. DOI: 10.32014/2025.2518-1491.303. (In Kazakh).

Knez Hrnčić M., Ivanovski M., Cör D., & Knez Ž. (2019) Chia Seeds (*Salvia hispanica* L.): An overview—Phytochemical profile, isolation methods, and application. *Molecules*, 25(1):11. DOI: 10.3390/molecules25010011 (in Eng.)

Kulczyński B., Kobus-Cisowska J., Taczanowski M., Kmiecik D., & Gramza-Michałowska A. (2019) The chemical composition and nutritional value of chia seeds—Current state of knowledge. *Nutrients*, 11(6):1242. DOI: 10.3390/nu11061242 (in Eng.)

Miranda-Ramos K., Millán-Linares M.C., & Haros C.M. (2020) Effect of chia as breadmaking ingredient on nutritional quality, mineral availability, and glycemic index of bread. *Foods*, 9(5):663. DOI: 10.3390/foods9050663 (in Eng.)

Muñoz L.A., Cobos A., Diaz O., & Aguilera J. M. (2013) Chia seed (*Salvia hispanica*): an ancient grain and a new functional food. *Food Reviews International*, 29(4). — P. 394–408. DOI: 10.1080/87559129.2013.818014 (in Eng.)

Nyingi Wambua J., & Mburu M.W. (2021) Chia (*Salvia hispanica* L.) seeds phytochemicals, bioactive compounds, and applications: a review. DOI: 10.24018/ejfood.2021.3.6.381 (in Eng.)

Sukhikh S., Astakhova L., Golubcova Y., Lukin, A., Prosekova E., Milenteva I., ... & Rasshchepkin A. (2019) Functional dairy products enriched with plant ingredients. *Foods and Raw materials*, 7(2):428-438. DOI: 10.21603/2308-4057-2019-2-428-438 (in Eng.)

Shutova V.V., Revin V.V. (2025) Poluchenie funktsional'nyh molochnyh produktov s ispol'zovaniem dobavok na osnove vodoroslej. *Medicina i biotekhnologii*. [Production of functional dairy products using algae-based additives. *Medicine and Biotechnology*] 1(2):102-118. [https:// DOI: 10.15507/3034-6231.001.202502.102-118](https://doi.org/10.15507/3034-6231.001.202502.102-118) (in Russian).

Ullah R., Nadeem M., Khalique A., Imran M., Mehmood S., Javid A., & Hussain J. (2016) Nutritional and therapeutic perspectives of Chia (*Salvia hispanica* L.): A review. *Journal of food science and technology*, 53(4):1750-1758. DOI: 10.1007/s13197-015-1967-0 (in Eng.)

Zhang X., Zeng Q., & He W. (2025) From Broad-Spectrum Health to Targeted Prevention: A Review of Functional Foods in Chronic Disease Management. *Molecules*, 31(1):103. DOI: 10.3390/molecules31010103 (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 31.03.2026.

Формат 60x88¹/₈.

22,0 п.л. Заказ 1.

«Central Asian Academic Research Center» LLP

Алматы, Қонаев к-сі, 142